

Инвестициялық жекешелендіру қорын қайта құру мен таратудың тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 21 ақпандағы N 180. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Инвестициялық жекешелендіру қорларын ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" 1993 жылғы N 1290 K931290 _ қаулысымен бекітілген Инвестициялық жекешелендіру қорлары туралы ережеге сәйкес инвестициялық жекешелендіру қорларының қызметін жетілдіру үшін жағдайлар жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Инвестициялық жекешелендіру қорын қайта құру мен таратудың тәртібі туралы қоса беріліп отырған ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті инвестициялық жекешелендіру қорын қайта құру жүзеге асырылған кезде акционерлер құқықтарының сақталуына бақылау жасауды қамтамасыз етсін. Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 21 ақпандағы N 180 қаулысымен Бекітілген Инвестициялық жекешелендіру қорын қайта құру мен таратудың тәртібі туралы ЕРЕЖЕ 1. Жалпы ережелер

1. Инвестициялық жекешелендіру қорын қайта құрудың тәртібі туралы осы ереже Қазақстан Республикасы Президентінің "Инвестициялық жекешелендіру қорларын ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1290 қаулысымен бекітілген Инвестициялық жекешелендіру қорлары туралы ереженің "Инвестициялық жекешелендіру қорын тарату мен қайта құру" деген IX тарауын жетілдіру мақсатында әзірленген.

2. Инвестициялық жекешелендіру қоры (бұдан әрі - қор) жұмыс істеген алғашқы үш жыл ішінде оны қайта құру Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің (бұдан әрі - Комитет) келісімімен ғана жүзеге асырылады.

3. Инвестициялық жекешелендіру қорын тарату Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңына сәйкес жүзеге асырылады.

2 . Қ о р д ы қ а й т а к ұ р у

4. Қорды қайта құру қосылуды, бірігуді, бөліну мен ажырауды, өзгертуді к ө з д е й д і .

Қайта құру туралы шешімді қолданылып отырған заңға сәйкес қайта құруға қатысушы әрбір қор акционерлерінің жалпы жиналысы қабылдайды.

5. Қор(лар)ды қайта құрудың нәтижесіне тек ашық үлгідегі акционерлік қоғам - инвестициялық жекешелендіру қорының құрылуы мүмкін. Қорды қайта құрудың нәтижесінде қор қолында болған құқықтар мен міндеттер оның құқығын иеленушіге көшеді.

Мүліктік құқықтар мен міндеттерді ресімдеу мен қайта ресімдеу жөніндегі барлық шығындар қайта құрылған қорлардың қаражатымен өтеледі.

6. Қорлар қосылған жағдайда олардың әрқайсысының мүліктік құқықтары мен міндеттері қосылу нәтижесінде пайда болған қор қолына көшіп, жаңа қор (заңды тұлға) пайда болады .

Қосылу түріндегі қайта құру - қосылатын қорлардың баланстарын біріктіріп, кейін олардың акцияларын жаңа қор акцияларына айырбастау.

7. Қор(лар) басқасына біріккен жағдайда, біріккен қор(лар)дың барлық мүліктік құқықтары мен міндеттері соған көшіп, ол өз атауы мен статусын сақтайды .

Бірігу түріндегі қайта құру активтер мен пассивтерді ірілендірілген қор балансына кіргізіп, өзіне бірігетін қор акцияларына ауыстыру жолымен жүзеге асырылады .

8. Қор бөлінген немесе ажыратылған жағдайда оның негізінде екі немесе одан да көп қор пайда болады. Бөліну немесе ажыратылу түріндегі қайта құру қайта құрылатын қордың мүліктік құқықтары мен міндеттерін тиісті бөлшектерге бөлу балансы бойынша жүзеге асырылады. Жаңадан құрылатын қорлар қайта құрылатын қор акцияларының орнына жаңадан акциялар шығарады.

9. Жабық қорды ашық қор етіп тек жекешелендірілетін кәсіпорындардың акцияларын инвестициялық жекешелендіру купондарына айырбасқа аукцион арқылы өткізу аяқталған соң, бірақ ол бірінші аукционға қатысқаннан кейін кем дегенде 15 айдан соң және бағалы қағаздар рыногында қор активтерінің өтімділігі қамтамасыз етілген жағдайда өзгертуге болады. Бұл жағдайда бұрынғы қордың барлық мүліктік құқықтары мен міндеттері жаңадан пайда болған қорға көшеді .

10. Қорды қайта құру мәселесін қарау үшін өтініш иесінің Комитетке мынадай құжаттар тапсыруы қажет:

қайта құрудың түрі мен шарттары негізделген, қайта құрылатын қордың

бақылау кеңесінің төрағасы қол қойған өтініш;
акционерлердің жалпы жиналысы қолданылып отырған заңға сәйкес
қабылдаған қорды қайта құру туралы шешім;
инвестициялық жекешелендіру купондарымен жұмыс істеу құқығына қор
л и ц е н з и я с ы ;

қайта құрылатын қордың құрылтай құжаттары;
қайта құрылатын қор басқарушысымен, депозитарийімен шарттардың
к ө ш і р м е л е р і ;

қайта құрылатын қордың өтініш берілген сәттегі және тәуелсіз аудитор
куәландырған қаржы есебі. Егер қайта құрылатын қорда кредиторлық қарыз бар
болса, қорды қайта құруға кредитор(лар)дың келісімі болуға тиіс.

11. Аталған құжаттарды қайта құруға қатысушылардың әрқайсысы
тапсырады. Қайта құруға қатысушылардың бірі құжаттарды жоғарыда аталған
талаптарды бұза отырып тапсырған жағдайда, қайта құруға қатысушы барлық
қорлардың өтініштері қаралмастан кері қайтарылады.

12. Қорлардың құжаттарын Комитет қайта құруға қатысушы барлық қорлар
оларды 30 күн ішінде тапсырған жағдайда ғана қарайды.

13. Қорды қайта құру туралы шешім шығару үшін қорлар мен олардың
басқарушыларына Лицензиялар беру жөніндегі ведомствоаралық комиссияның (
бұдан әрі - Комиссия) жұмыс органдары Комитеттің тапсыруы бойынша:

Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 23 маусымдағы N 1290
қаулысымен бекітілген Инвестициялық қорлар туралы ереженің 26-тармағында
көзделген қор қызметін шектеулерді ескере қайта құрылатын қор
акционерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын;

қайта құрылатын қор басқарушысына сыйақы мөлшерінің және нормативтік
құжаттардың басқа талаптарының сақталуын;

қорлардың банкрот болуын немесе кредиттік қарызын ықтимал жасырып
қ а л у ы н т е к с е р е д і .

Ондай фактілер анықталған жағдайда, Комитет қайта құру жөніндегі өтінішті
қабылдаудан бас тартуға құқылы.

14. Қор(лар)ды қайта құруға берілетін келісім Комитеттің шешімімен
ресімделеді, онда қор(лар)дың қайта құрылуына байланысты талаптар мен
мерзімдер белгіленіп, құқықты иеленуші қорға тиісті тапсырмалар беріледі.

3. Қорды қайта құру тәртібі

15. Комитет белгілеген мерзімде қайта құру туралы келісім алынған жағдайда
құқықты иеленуші қор қайта құруға (қосылуға, бірігуге, өзгертуге, ажырау мен
бөлінуге) қатысушы әрбір қор акционерлерін жазбаша түрде ескертуге немесе

құқықты иеленуші қордың жалпы жиналысы өткізілетіні туралы тиісті хабарландыруды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға міндетті.

16. Акционерлердің жалпы жиналысы Бақылау кеңесін, тексеру комиссиясын сайлайды, қор жарғысын, басқарушыны, депозитарийді бекітеді, құқықты иеленуші қор орналасатын жерді белгілейді, жарғылық қорды қалыптастыру шарттары, қайта құрылатын қор(лар)дың акцияларын немесе сертификаттарын оның құқығын иеленушінің акцияларына немесе сертификаттарына айырбастау мерзімдері мен нысаны (тәсілі) туралы шешім қабылдайды, сондай-ақ қор(лар)ды тарату жұмысын жүргізу үшін тарату комиссиясын сайлайды.

17. Қайта құрылатын әрбір қор активті бағаланып, қайта құрылатын қор(лар) акцияларын (сертификаттарын) оның құқығын иеленушінің акцияларына (сертификаттарына) айырбастау баламасы белгіленеді.

18. Қайта құруға қатысушы қор жаңадан құрылатын инвестициялық қордың жарғылық капиталына қосатын үлес;
мүлік (және мүліктік құқық);
акционерлік қоғамдар акцияларының пакеттері мен басқа да бағалы қағаздар;
а қ ш а қ а р а ж а т ы ;
материалдық емес активтер түрінде жүзеге асырылады.

19. Құқықты иеленуші қордың жарғылық қорына салым есебіне берілген мүлік пен басқа да активтер (материалдық және материалдық емес) сол қайта құруға қатысушылардың бірлескен шешімімен белгіленетін және құқықты иеленуші қор акционерлерінің жалпы жиналысының хаттамасымен бекітілген баға бойынша қабылдап алынады. Қайта құрылатын қор үлесін келісім хаттамасында белгіленген мөлшерден тыс арттыруға болмайды.

20. Егер қайта құрылатын қорлар акцияларының нақты құны арасында тұтас санмен білдірілген үйлесімділік белгілеуге болмайтын болса, онда құқықты иеленуші қор басқа нақты құны бар жаңа акциялар шығаруға және ескі акцияларды акционерлердің мүдделеріне нұқсан келтірместен жаңа акцияларға ауыстыруға құқылы.

Бұл жағдайда қайта құрылатын қорлардың нақты құндарын былайша сәйкестендіру ұсынылады:

бірігу кезінде, құқықты иеленуші қор акционерлеріндегі акциялар пакеттерін нақты құны неғұрлым төмен акцияларға бөлшектеп, содан соң біріккен қор(лар)дың акционерлеріне өз салымдары сомасына құқықты иеленуші қордың жарғылық капиталындағы оның (олардың) салымын ескере есептелген үлесіне сайма-сай жаңа акциялар беру;

қосылу кезінде, құқықты иеленуші қордың жаңадан қалыптасатын жарғылық капиталы сомасына жаңа акциялар шығарып, оларды қатысушы қорлардың акционерлері арасында құқықты иеленуші қордың жарғылық капиталындағы

олардың үлестеріне сайма-сай бөлу.

21. Құқықты иеленуші қор басқарушысымен контракт, депозитарийімен шарт жасасын, қайта құруға қатысушы қор(лар) басқарушысымен контракт, депозитарийімен шарт нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес бұзылады. Құқықты иеленуші қор акционерлерінің жалпы тізілімінің қалыптастырылуы қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

22. Жоғарыда аталған шаралардың бәрі жүзеге асырылғаннан кейін құқықты иеленуші қорды мемлекеттік тіркеу органдарында тіркеп (қайта тіркеп), құқықты иеленуші қордың белгіленген тәртіппен талап етілетін құжаттарын Комитетке т а п с ы р у қ а ж е т .

23. Комиссия олардың белгіленген мерзім ішінде қарап, өтінуші құжаттарына ескертпелер жоқ болған жағдайда қор(лар)дың қайта құрылуына байланысты қорлардың бірыңғай тізіліміне қажетті өзгерістер енгізу туралы шешім қ а б ы л д а й д ы .

24. Құқықты иеленуші қорға лицензия берілген кезде лицензиялау үшін ақы алынбайды. Басқарушыны лицензиялау кезінде лицензия берілгені үшін белгіленген мөлшерде бір жолғы алым алынады.

25. Комиссияның жұмыс органы шешім қабылданғаннан кейін 5 күн ішінде Комитеттің Ақпарат-есеп орталығына және Мемлекеттік жекешелендіру қорына қорлардың бірыңғай тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мынадай мәліметтер жіберуге тиіс: құқықты иеленуші қордың, басқарушысының, депозитарийдің атауы, орналасқан жері; құқықты иеленуші қор лицензиясының нөмірі; құқықты иеленуші қор басқарушысы лицензиясының нөмірі; қор(лар)дың, басқарушы(лар)дың кері алынған (күші жойылған) лицензиясының нөмірі. 26. Қайта құрудың нәтижесінде пайда болған қор заңда белгіленген тәртіппен тіркелген күннен бастап заңды тұлға өкілеттігіне ие болады. 4. Қорды тарату тәртібі 27. Қор: акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша; банкрот деп танылған жағдайда; қор лицензиясын Комиссия кері алған жағдайда; төрелік соттың шешімі бойынша; Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңында көзделген басқа да негіздер бойынша таратылады. Қор жұмыс істеген алғашқы үш жылда оны акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен таратуға б о л м а й д ы .

28. Қор(лар)дың таратылуы қордың заңды тұлға ретіндегі қызметінің тоқтатылуына әкеліп соғып, жаңа заңды тұлға пайда болуының құқығын б е р м е й д і .

29. Қор(лар)дың таратылуы қор(лар)ға қарасты болған барлық мүлктік құқықтар мен міндеттердің жойылуына әкеліп соғады.

30. Тарату комиссиясы ресми, орталық баспасөзде 30 күннен кешіктірмей тарату жайында, кредиторлардың талап қоюының тәртібі мен мерзімі туралы

х а б а р

ж а р и я л а й д ы .

Тарату комиссиясы хабар жариялаумен қатар дебиторлық қарызды өндіріп алу және кредиторлардың талаптарын анықтау жұмысын жүргізіп, оларды қор(лар)дың таратылғаны жайында ескертуге міндетті.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК